



2021 СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР. ҚАЗАҚСТАН

Шетел
студенттеріне
арналған
НҰСҚАУЛЫҚ

Нұр-Сұлтан қ.

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Бүгін – ерекше күн. Болашақ студенттер, Сіздердің алдарыңызда келешекте кәсіби қызметіңізді анықтайтын таңдау тұр.

Сондықтан, біздің міндетіміз – Сіздерге сапалы, бәсекеге қабілетті, инновациялық білім ұсынуда көмек көрсету.

Қазіргі уақытта Қазақстан – Еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі болып танылған Орта Азиядағы бірінші және жалғыз ел. Осыған байланысты Қазақстанды өзінің білім алу және ғылыми зерттеулерді жүргізу орны ретінде таңдаған шетел студенттерінің саны жыл сайын артуда. Полимәдениеттік орта қазақстандық колорит пен тұрмысқа тез және жеңіл бейімделуге мүмкіндік береді. Біздің университеттер барлық жаңа студенттерге ашық және кәсіби қызметтердің түрлі салалары бойынша білім беру бағдарламаларын ұсынуға қабілетті. Барлық жоғары оқу орындары ағылшын тілінде білім беруді ұсынуға қабілетті. Сонымен қатар, Қазақстан қауіпсіздік саласы бойынша әлем елдері қатарында жоғары орындарға ие.

Қазақстанның адамдарымен, мәдениетімен, дәстүрімен танысу жақсы және жылы әсер қалдырады. Қазақстанның білімін таңдау арқылы Сіз баға жетпес және ұмытылмас тәжірибе алып, өзіңіздің болашағыңызға үлкен үлес қосатыңызға біз сенімдіміз.

СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!

Қазақстан Республикасы — Еуропа мен Азияда қатар орналасқан, сонымен қоса мұхитқа шыға алмайтын ірі мемлекет. Халық саны 18 395 660 адамды құрайды.



Астанасы — Нұр-Сұлтан. Ең ірі қала — 1,8 миллион тұрғыны бар Алматы. Түркі кеңесі елдерінің территориясы бойынша ең үлкен болып табылады. Ішкі континентальды Каспий және Арал теңіздерінің суларымен жуылады. Қазақстанны құрамына 14 облыс, 87 қала кіреді.

Қазақстан Республикасы — президенттік басқару формасы бар унитарлы мемлекет. Президент – мемлекет басшысы және бас қолбасшы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы - көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» деген жазу бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында 32 шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған.





ДЕРЕКТЕР И ЦИФРЛАР

16 желтоқсан 1991 – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жариялау күні

Валютасы

Теңге

Ауданы

әлемде 9 орында

Сағаттық белдеулер

UTC+5

UTC+6

Этностар

қазақтар, орыстар
өзбектер, татарлар
немістер, ұйғырлар,
украиндықтар, т.б.

Ірі қалалар

Нұр-Сұлтан,
Алматы
Шымкент

Дін

Ислам,
христиандық
буддизм,
иудаизм

Әлемдегі ең биік телемұнара

Көк Төбе

Әлемдегі ең үлкен биіктаулы мұзайдын

Медеу

Әлемдегі ең биік мұржа

Екібастұз
МАЭС-2

СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР. ҚАЗАҚСТАН





КЛИМАТ

Республикадағы климат негізінен жыл маусымдары ерекшеленетін күрт құбылмалы.

Қаңтар айының орташа температурасы солтүстікте және солтүстік-шығыста -19°C , оңтүстікте -1°C дейін, шілде айының орташа температурасы 17°C -тан 31°C -қа дейін тиісінше.

Елде жаз барлық жерде өте ыстық және құрғақ.

Температура 50°C (Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында) жетуі мүмкін. Елде қыста қар аз және өте суық, температурасы -58°C -ға (Ақмола облысының Атбасар қаласында және Павлодар облысының Павлодар қаласында) дейін жетуі мүмкін.



ТІЛ

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ол түркі топтарының ең ірі тілдерінің бірі болып табылады. Елде мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын тіл – орыс тілі.

Елдегі қазақ және орыс тілді ақпараттық бұқаралық құралдармен қатар, газеттер мен журналдар, эфирге шығатын хабарлар 11 тілде, оның ішінде аз да болса поляк, неміс, корей, ұйғыр, түрік және дүнген тілдерінде шығарылады. Қазақстанда 170 жексенбілік тілдік орталықтар жұмыс істейді.



РЕСМИ МЕРЕКЕЛЕР

1-2 қаңтар - Жаңа жыл

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21-23 наурыз – Наурыз (ең көне мерекелердің бірі, көктем және табиғаттың жаңару мерекесі ретінде аталып өтіледі)

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

9 мамыр – Жеңіс күні

6 шілде – Астана күні

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні

16-17 желтоқсан – Тәуелсіздік күні





НҰР-СҰЛТАН

Нұр-Сұлтан (бұрын Целиноград, Ақмола, Астана) – 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының астанасы. Нұр-Сұлтан Есіл өзенінің жағасында орналасқан. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша астанаға «Әлем қаласы» атағы берілді. Нұр-Сұлтан Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың бірқатар үйлестіруші органдарын орналастыру қарастырылған. Қалада басқа да маңызды іс-шаралар, соның ішінде спорттық өтеді. Мысалы, 2011 жылы елордада 7-ші қысқы Азия ойындары өтті. Сонымен қатар, 2017 жылы қалада ЭКСПО 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін қабылдады.

Қала экономикасының негізін сауда, көлік және байланыс, құрылыс құрайды. Инвесторларды тарту және жаңа бәсекеге қабілетті салаларды дамыту мақсатында қалада «Жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы бар.

Елордада оннан астам жоғары оқу орындары орналасқан, оның ішінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ ұлттық өнер университеті, Мәскеу Ломоносов мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы, Назарбаев Университеті және т.б.

Ең ірі өзендер - Есіл және Нұра; Көлдер - Төңіз, Қарасор, Қорғалжын, Балықтық, Қыпшақ. Жануарлар әлемі 55 жануарлар түрін, 180 құс түрін және 30 балық түрін ұсынады.



СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР. ҚАЗАҚСТАН





БЕЛГІЛЕНГЕН ПУНКТ

«Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайы



Нұр-Сұлтан қаласының орталығына дейін қалалық автобустармен жетуге болады. № 10 автобус қаланың орталығы арқылы әуежай мен сапаржай аралығына жүреді. № 12 автобус әуежайдан қала орталығы арқылы жүреді, соңғы аялдама — «№ 19 орта мектеп». Автобустағы жолақы құны – 90 KZT (көліктік картамен төлеген жағдайда), 180 KZT қолма-қол ақшамен. ASTANA TAXI бірыңғай қызметі. Call-center – 15800, қалалық және мобильдік номер арқылы шақыруға болады. www.astanaairport.kz

«Нұрлы Жол» темір жол вокзалы

2017 жылы ашылған жаңа вокзал астана ерекшеліктерінің бірі болып табылады. «Астана-Нұрлы Жол» станциясынан Ресей мен Қытайдың кейбір қалаларына дейін баратын поездар жөнелтіледі.



Вокзалға дейін мына автобустармен жетуге болады: № 2, 14, 32, 48, 50, 500, 201. www.epay.railways.kz, www.temirzholy.kz.



«Нұр-Сұлтан 1» темір жол вокзалы

Ескі вокзалдан Семей, Қостанай, Жезқазған, Шымкент, Алматы, Петропавл, Қарағанды және Қазақстанның басқа да қалаларына дейін



ауысып отырусыз жете аласыз. Егер темір жол бағытын көрші елдерге қарастыратын болсақ, онда Нұр-Сұлтан-1 станциясынан Ташкентке, Витебскіге, Гомелға, Мәскеуге, Бішкекке және басқа да қалаларға дейін жетуге болады. Автобустар: № 3, 7, 9, 10, 12, 14, 19, 21, 22, 23, 25, 26, 31, 37, 40, 48.

«Сапаржай» автовокзалы



Нұр-Сұлтан-1 вокзалына өте жақын орналасқан (темір жол вокзалынан 150 м.).

Қазақстан қалаларының толық картасы: www.2gis.kz, IOS және Android үшін қосымша қолжетімді



БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Кім өтінім тапсыра алады?

Шетел азаматы, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлға

Негізгі талаптар

- кемінде «жақсы» деген бағасы бар негізгі орта білім туралы аттестаттың немесе куәліктің орташа балы.

Қалай түсуге болады?

Стипендиялық бағдарлама бойынша Қазақстанның университеттеріне оқуға түсу үшін конкурстық іріктеудің кезеңдері:

- қажетті құжаттарды ұсынумен қатар онлайн тіркелу (<http://enic-kazakhstan.kz/kz/>);
- қазақстандық ЖОО және білім беру бағдарламасын таңдау;
- бейімделу әлеуетін айқындауға арналған онлайн тестілеу;
- онлайн әңгімелесу;
- онлайн тестілеу және онлайн әңгімелесу нәтижелерімен бірге құжаттар пакетін қарастыру.

Қандай құжаттар қажет?

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (транскриптімен);
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- үміткердің білім алған оқу орнынан немесе жұмыс берушіден қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыным хат;
- үміткердің тұрғылықты жерінің ресми денсаулық сақтау органы берген шетелде білім алуға арналған денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама, сондай-ақ адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ) және ЖҚТБ болмауы туралы медициналық анықтама;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса).

Қашан өтінім тапсыруға болады?

7 маусым – 20 шілде 2021 жыл



МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Кім өтінім тапсыра алады?

Шетел азаматы, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлға

Негізгі талаптар

- кемінде 2.33 (4.0-ден) GPA орташа балымен бакалавр немесе маман дипломы немесе оның білім беру ұйымдарында алған баламасы.

Қалай оқуға түсуге болады?

Стипендиялық бағдарлама бойынша Қазақстанның университеттеріне оқуға түсу үшін конкурстық іріктеудің кезеңдері:

- қажетті құжаттарды ұсынумен онлайн тіркелу (<http://enic-kazakhstan.kz/kz/>);
- қазақстандық ЖОО және білім беру бағдарламасын таңдау;
- бейімделу әлеуетін айқындауға арналған онлайн тестілеу;
- онлайн әңгімелесу;
- онлайн тестілеу және онлайн әңгімелесумен бірге құжаттар пакетін қарастыру.

Қандай құжаттар қажет?

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (транскриптімен);
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- үміткердің білім алған оқу орнынан немесе жұмыс берушіден қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыным хат;
- үміткердің тұрғылықты жерінің ресми денсаулық сақтау органы берген шетелде білім алуға арналған денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама, сондай-ақ адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ) және ЖҚТБ болмауы туралы медициналық анықтама;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса).

Қашан өтінім тапсыруға болады?

7 маусым – 20 шілде 2021 жыл



ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Кім өтінім тапсыра алады?

Шетел азаматы, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлға

Негізгі талаптар

- кемінде 2.33 (4.0-ден) GPA орташа балымен магистр дипломы немесе оның білім беру ұйымдарында алған баламасы;
- шетел тілін білуін растайтын халықаралық сертификат.

Қалай оқуға түсуге болады?

Стипендиялық бағдарлама бойынша Қазақстанның университеттеріне оқуға түсу үшін конкурстық іріктеудің кезеңдері:

- қажетті құжаттарды ұсынумен онлайн тіркелу (<http://enic-kazakhstan.kz/kz/>);
- қазақстандық ЖОО және білім беру бағдарламасын таңдау;
- бейімделу әлеуетін айқындауға арналған онлайн тестілеу;
- онлайн әңгімелесу;
- онлайн тестілеу және онлайн әңгімелесумен бірге құжаттар пакетін қарастыру.

Қандай құжаттар қажет?

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (транскриптімен);
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- үміткердің білім алған оқу орнынан немесе жұмыс берушіден қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыным хат;
- үміткердің тұрғылықты жерінің ресми денсаулық сақтау органы берген шетелде білім алуға арналған денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама, сондай-ақ адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ) және ЖҚТБ болмауы туралы медициналық анықтама;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса);
- диссертациялық зерттеу тақырыбына қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі негіздеме;



- Шетел тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификат:
 ағылшын тілін меңгеру бойынша:
 TOEFL ITP - кемінде 460 балл,
 TOEFL IBT - кемінде 46 балл,
 TOEFL PBT - кемінде 453 балл,
 IELTS - кемінде 5.5;
 Duolingo English Test – кемінде 85 балл.
 неміс тілін меңгеру бойынша:
 DSH - Niveau B2/B2 деңгейі,
 TestDaF-Prufung - Niveau B2/B2 деңгейі;
 француз тілін меңгеру бойынша:
 TFI - оқу және тыңдалым секциялары бойынша B2 деңгейден төмен емес),
 DELF - B2 деңгейі,
 DALF – B2 деңгейі,
 TCF - кемінде 50 балл.
 Көрсетілген тілдер ана тілі болып табылатын тұлғаға шетел тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификат қажет емес.

Қашан өтінім тапсыруға болады?

7 маусым – 20 шілде 2021 жыл



ВИЗА ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Жалпы талаптар

Қазақстан Республикасының аумағына қысқа мерзімде келу / қайту тәртібіне өзгерістер енгізілуі мүмкін, шетелдік азаматтарға келудің алдында ағымдағы жағдайды тексеру ұсынылады (<http://mfa.kz/en>).

ИММИГРАЦИЯЛЫҚ РӘСІМДЕРДІ САҚТАМАУ ӘКІМШІЛІК ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ЖӘНЕ ДЕПОРТАЦИЯҒА АЛЫП КЕЛУІ МҮМКІН. ҚАЙТА БҰЗУШЫЛЫҚ ЗАҢДЫ САЛДАРЛАРҒА АЛЫП КЕЛУІ МҮМКІН.

Шетелдік төлқұжат

Қазақстанға келетін барлық тұлғаларда жарамдылық мерзімі визаның жарамдылық мерзімі аяқталатын күннен бастап 3 ай бұрын аяқталмайтын жарамдылық мерзімі және визалар мен мөрлер қоюға арналған кемінде 2 бос беті бар шетелдік төлқұжат болуы керек.

Визасыз кіру

Төменде көрсетілген елдердің азаматы болып табылатын шетелдік студенттер Қазақстан Республикасына визасыз кіре алады:

- Ресей Федерациясы
- Қырғыз Республикасы
- Армения Республикасы
- Тәжікстан Республикасы
- Өзбекстан Республикасы
- Беларусь Республикасы

C9 студенттік визасы

Шетелдік студенттер, «Визасыз кіру» бөлімінде көрсетілмеген елдердің азаматтары, студенттік визаны (C9) алу керек. Бұл виза бірнеше рет келу мүмкіндігімен бір жыл мерзімге беріледі. Виза жыл сайын жаңартылатын болады.

Шақыру қағазын алғаннан кейін студент барлық құжаттарды виза алуды жоспарлаған Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігіне / консулдығына жібереді. Өтініш берушінің жеке жауапкершілігі - елшілік / консулдың веб-сайтында қажетті



құжаттардың тізімін (өтініш, көшірме, төлем және т.б.) тексерумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, визаны ресімдеу үшін Сізге визалық ақы төлеуге тура келеді.

Мынадай құжаттар талап етіледі:

- Шақыру хаты;
- Талап етілген визаның қолданылу мерзімі 6 айдан кем емес жарамдылық мерзімі бар паспорт және визаны ресімдеу үшін кемінде 2 бос парақ болуы керек;
- Толтырылған визалық сауалнама (елшіліктің / консулдыңтың веб-сайтында қолжетімді);
- 3,5 x 4,5 фотосурет ;
- Виза үшін консулдық алым (әуежайлардағы консулдық пункттер тек қолма-қол қабылдайды (USD / KZT)).

Виза:

✓ Азаматтық алған елде (Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері: консулдық, дипломатиялық және эквиваленттік өкілдіктер).

Визаны ресімдеу мерзімі: 5 жұмыс күні

✓ Келісімен Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында (виза алушының азаматтық алған елде консулдық, дипломатиялық немесе эквиваленттік өкілдіктер болмаған жағдайда) берілуі мүмкін.

ҚР СІМ БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ

Кеңсе (құжат айналым мәселелері бойынша)

+7 (7172) 72 05 17, 72 01 14, 72 05 13

Факс: +7 (7172) 72 05 16

Консулдық мәселелер бойынша

+7 (7172) 72-01-13, 72-04-71, 72-04-88, 72-03-07.

Алматы қаласындағы ҚР СІМ өкілдігі

Телефон: 7 (727) 272-07-40

Факс: 7 (727) 272-04-01



ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Құтқару қызметінің телефондары

112 – Құтқару қызметі



102 – Полиция



103 – Жедел
жәрдем



101 – Өрт сөндіру
қызметі

Қоғамдық көлік

Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық көліктің жұмысы өте жақсы деңгейде жолға қойылған. Қоғамдық көлікпен қаланың кез келген нүктесіне дейін баруға болады. Автобустар таңертеңгі сағат 06.00-ден бастап 22-23.00-ға дейін жүреді. Кейбір маршруттар түнге дейін жүреді. Жай күндері қалалық автобустардың арасындағы уақыт аралығы 5-20 минутты құрайды. Баратын жеріңізді әрбір аялдамадағы сызбаға қарап жоспарлауға болады.

Сәйкес келетін маршруттарды іздеу үшін Astra bus мобильдік қосымшасы бар.

Автобустардағы жолақыны қолма қол төлеуге болады, жолақысы – 180 теңге. Сонымен қатар ақшасыз есеп айырысуға болады. Ол үшін Сізге Astra Plat картасын сатып алу керек, осы карта бойынша жолақысының құны – 90 теңгені құрайды.



АҒЫЛШЫН-ҚАЗАҚ СӨЗДІГІ

- Hello** – Сәлем (Salem)
Good morning – Қайырлы таң (Qayyrly tan)
Good evening – Қайырлы кеш (Qayyrly kesh)
Good bye – Сау болыңыз (Sau bolynyz)
Thank you – Рахмет (Rahmet)
Please – Өтінемін (O'tinemin)
How are you? – Қалайсыз? (Qalaysyz?)
My name is ... – Менің атым ... (Mening atym)
Yes – Иә (IYa')
No – Жоқ (Joq)
Excuse me – Кешіріңіз (Keshiriniz)
I don't understand – Мен түсінбеймін (Men ty'sinbeymin)
Can you help me? – Сен маған көмектесе аласың ба?
(Sen maghan ko'mektese alasyn ba?)
I don't speak Kazakh – Мен қазақша сөйлемеймін (Men qazaqsha so'ylemeymin)
Bus – Автобус (Avtobus)
Shop – Дүкен (Dy'ken)
Police – Полиция (Poliyciyya)
Currency exchange – Валюта айырбастау (Valyuta ayymbastau)
Hospital – Аурухана (Auruhana)
Pharmacy – Дәріхана (Da'rihana)
What are you doing? - Сіз не істеп жатырсыз? (Siz ne istep jatırsız?)

